

## **Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 ақпандағы № 183 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 26 ақпанда № 7861-15 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Қаулының орындалуын бақылау осы салаға жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімі*

*С. Мухамедиев*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Петропавл қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 10 ақпандағы  
№ 183 қаулысына  
қосымша

## **Күші жойылды деп танылған Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60-жыл" мерекелік медалімен марапатталған соғыс ардагерлері мен соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 5 сәуірдегі № 261 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-1-2 болып тіркелді);

2. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын үй ұстауға, коммуналдық қызметтердің және байланыс қызметтердің тұтыну ақысын төлеуге әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 15 шілдедегі № 840 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-1-06 болып тіркелді);

3. "Жасы бойынша зейнеткерлерге біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережелерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2006 жылғы

23 қарашадағы № 1722 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-1-56 болып тіркелді).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ